

ӘОЖ 378.147.811.512.122; МҒТАР 16.31.51
<https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.18>С.Қ. ОМАРОВА¹, Қ.Қ. ҚАДАШЕВА², А.Қ. МЫРЗАХАНОВА³✉¹филология ғылымдарының кандидатыШ. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: omarovask@mail.ru²педагогика ғылымдарының докторы, профессорҚожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: karlygash.kadasheva@ayu.edu.kz³педагогика ғылымдарының кандидатыҚожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: akbota.myrzahanova@ayu.edu.kz

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ МНЕМНИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілін үйрету жағдайы өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылады. Бұл бағыт қазіргі таңда оңтайландыруды, осы саланың жүйеленуін, әдістеменің заман талабына сай жаңаруын, тәжірибелі мамандар мен сапалы оқыту контенттерінің көбеюін талап етіп отыр. Әрине ешқандай даму, өзгеріс жоқ деп айта алмаймыз. Даму да, өзгеріс те, нәтиже де бар, алайда баяу, нәтижесі аз. Қазақ тілін үйретуші мамандардың да тәжірибесі шыңдалып, оқыту контенттері де дайындалып жатыр. Бұл үдеріспен республикамыздағы бала-бақшадан бастап, мектеп, колледж, жоғары оқу орындары, тілдерді оқыту орталықтары және жеке меншік орталықтар да айналысып, күнделікті қазақ тілін үйретіп жатқаны – белгілі жағдай. Қазақ тілін үйретіп жүрген және оны үйреніп жатқан әрбір азамат мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге, тіліміздің мәртебесін арттыруға тікелей ықпал етуде. Енді осы үдерістердің сапасын қамтамасыздандыратын әдістеме мен оқыту контенттерінің үнемі жетіліп, заманның жылдам өзгеруіне сай жаңарып отыруы өте маңызды. Ол үшін қазақ тілінің әрбір маманы ғылыми және әдістемелік бағытта үнемі ізденіп, жаңа технологияларды меңгеріп қана қоймай, оны сабақта ұтымды пайдалана алу мүмкіндігіне ие болуы керек.

Тіл үйретуде оқытушының шынайы нәтижеге қол жеткізуі, яғни аудиторияны қазақша сөйлету, олардың жазу, оқу, тыңдап-түсіну дағдылары мен біліктерін қалыптастыра алуы аса маңызды. Ұсынылып отырған мақалада қазақ тілін үйрету барысында нәтижеге қол жеткізудің түрлі жолдары қарастырылған. Авторлар лексика-грамматикалық материалды дұрыс есте сақтауға мүмкіндік беретін мнемоникалық әдістерге ғылыми-теориялық сипаттама беріп, тіл сабағында тиімді қолдану тәсілдерін ұсынған. Бұл әдістерді инновациялық техника ретінде тіл үйрету сабақтарында жиі қолдану әдістеменің жетілуіне және тіл үйретуші тәжірибесінің шыңдалуына мүмкіндік беретіндігі баяндалады.

Кілт сөздер: жады, есте сақтау, мнемоника, әдістер, өріс, нәтижелілік.

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Омарова С.Қ., Қадашева Қ.Қ., Мырзаханова А.Қ. Қазақ тілін үйретуде мнемоникалық әдістерді қолданудың тиімділігі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №4 (130). – Б. 209–220. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.18>

*Cite us correctly:

Omarova S.Q., Qadasheva Q.Q., Myrzahanova A.Q. Qazaq tilin uiretude mnemonikalıyq adisterdi qoldanudyn tiimdiligi [The Effectiveness of Using Mnemonic Methods in Teaching the Kazakh Language] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №4 (130). – B. 209–220. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.18>

S.K. Omarova¹, K.K. Kadasheva², A.K. Myrzakhanova³

¹*Candidate of Philological Sciences*

*National Scientific and Practical Center "Til-Kazyina" named after Sh. Shayakhmetov
(Kazakhstan, Astana), e-mail: omarovask@mail.ru*

²*Doctor of Pedagogical Sciences, Professor*

*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: karlygash.kadasheva@ayu.edu.kz*

³*Candidate of Pedagogical Sciences*

*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: akbota.myrzaxanova@ayu.edu.kz*

The Effectiveness of Using Mnemonic Methods in Teaching the Kazakh Language

Abstract. The problem of teaching the Kazakh language in our country is one of the most urgent. This direction currently requires optimization, systematization of this area, updating the methodology, increasing the number of experienced specialists and high-quality training content. Of course, it cannot be said that there is neither development nor change. There is development, and change, and result, but slower, with less result. The specialists who teach the Kazakh language also hone their experience and prepare educational content. It is known that this process is being carried out in the republic, starting from kindergartens and ending with schools, colleges, universities, language learning centers and private centers that teach the Kazakh language daily. Every citizen who teaches and studies the Kazakh language directly contributes to the expansion of the scope of the state language, improving the status of our language. Now it is very important that the methodology and training content that ensure the quality of these processes are constantly improved and updated in accordance with the rapid changes of time. To do this, every specialist of the Kazakh language should constantly look for scientific and methodological orientation, be able not only to master new technologies, but also to use them rationally in the classroom.

In language teaching, it is very important that the teacher achieve a true result, i.e. be able to formulate the skills and abilities of the audience to speak Kazakh, write, read, listen and understand. The proposed article discusses various ways to achieve results in teaching the Kazakh language. The authors gave a scientific and theoretical description of mnemonic techniques that allow you to correctly memorize lexical and grammatical material, and suggested ways to use it effectively in language lessons. It is noted that the frequent use of these methods as an innovative technique in linguistics lessons makes it possible to improve the methodology and hone language experience.

Keywords: memory, memorization, mnemonics, methods, field, effectiveness.

С.К. Омарова¹, К.К. Кадашева², А.К. Мырзаханова³

¹*кандидат филологических наук*

*Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» имени Ш. Шаяхметова
(Казakhstan, г. Астана), e-mail: omarovask@mail.ru*

²*доктор педагогических наук, профессор*

*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казakhstan, г. Туркестан), e-mail: karlygash.kadasheva@ayu.edu.kz*

³*кандидат педагогических наук*

*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казakhstan, г. Туркестан), e-mail: akbota.myrzaxanova@ayu.edu.kz*

Эффективность использования мнемонических методов в обучении казахскому языку

Аннотация. Вопрос обучения казахскому языку в нашей стране является одним из актуальных вопросов. Данное направление в настоящее время требует оптимизации, систематизации данной сферы, актуализации методики, увеличения количества опытных специалистов и качественного обучающего контента. В этом направлении ведется большая работа, нельзя сказать, что нет развития и изменений. У специалистов, обучающих казахский язык, также оттачивается опыт и создаются интересные обучающие контенты. Известно, что этим процессом занимаются в республике детские сады и школы, колледжи, вузы, центры обучения языкам и частные центры, которые занимают немаловажную роль в ежедневном обучении казахскому языку. В этом процессе каждый гражданин, изучающий и преподающий казахский язык, непосредственно способствует расширению сферы применения государственного языка, повышению статуса нашего языка. Сейчас очень важно, чтобы методика и обучающий контент, обеспечивающие качество этих процессов, постоянно совершенствовались и обновлялись в соответствии с быстрыми изменениями времени. Для этого каждый специалист казахского языка должен постоянно искать научную и методическую направленность, уметь не только осваивать новые технологии, но и рационально использовать их на уроках.

В преподавании языка очень важно, чтобы преподаватель достиг желаемого результата, т.е. смог сформировать у аудитории навыки и умения говорить по-казахски, писать, читать, слушать и понимать.

В предлагаемой статье рассматриваются различные способы достижения результатов при обучении казахскому языку. Авторы дали научно-теоретическое описание мнемонических методов, позволяющих правильно запомнить лексико-грамматический материал, и предложили способы эффективного использования на уроках языка. Отмечается, что частое использование этих методов в качестве инновационной техники на уроках языкознания позволяет совершенствовать методику и оттачивать языковой опыт.

Ключевые слова: память, запоминание, мнемоника, методы, поле, результативность.

Кіріспе

Тіл үйренушіге қазақ тілін шет тілі, екінші тіл және туыс тіл ретінде үйреткен кезде, ең маңыздысы – жады сияқты психикалық процесті дамыту және жаңа тілдік ақпаратты түрлі әдіс-тәсілдермен есте дұрыс сақтата білу. Өйткені есте дұрыс сақталмаған ақпарат тез ұмытылады.

Мақаланың мақсаты – тіл сабақтарында түрлі мнемоникалық әдістерді қолдану арқылы тіл үйренушінің қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығын арттыру, коммуникативтік-грамматикалық материалдарды тіл үйренушінің есінде ұзақ мерзімге сақтату жолдарын ұсыну.

Тілді үйрету үдерісінде лексика-грамматикалық минимум мен көлемді мәтіндердің мазмұндарын есте сақтата білу және әдіс-тәсілдерді түрлендіріп қолдана алу оқытушының шеберлігіне байланысты. Бұл үдеріс дұрыс орындалмаса, білім тұрақсыз болып, тілді үйрену үдерісін нәтижесіздікке алып келеді. Тілді үйрену – өте күрделі үдеріс, ол тілдік материалды меңгерту барысында жалықтырмайтын, қызықты әдіс-тәсілдер мен икемді әдістемені талап етеді. Бір сарынды, әдіс-тәсілі жоқ, оқу материалы тым ауыр сабақтар тіл үйренушінің тілді үйренуге деген алғашқы ниетін жойып жібереді. Сол себепті тілді үйрету әдістемесі тіл үйренушілерге мотивация тудыратындай деңгейде заман талаптарына сай үнемі жетіліп, жаңартылып отырғаны абзал. Мақалада тіл үйренуге мотивация тудыратын мнемоникалық әдістерді тіл сабақтарында түрлендіріп қолданудың практикалық жолдары ұсынылды. Бұл техникалар ағылшын, неміс, орыс, түркі тілдерін үйрету тәжірибесінде кеңінен қолданылады.

және ақпараттың жадыда ұзаққа сақталып, тілді автоматты түрде меңгерудің алғышарттары бола алады.

Зерттеу әдістері

Мақалада көтерілген мәселені зерттеу барысында қазақ, шетел және туыс тілдері әдістемесіне, психология мен логикаға қатысты ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектер, сөздіктер, мақалалар қаралды. Шетелдік ғалымдардан ассоциативтік әдіске қатысты Р. Аткинсонның, В.Е. Гольдиннің зерттеулеріндегі тұжырымдар басшылыққа алынды. Сонымен қатар Т. Харлидің еңбегіндегі ақпаратты визуалды түрде қабылдау, О.Эренбергтің ақпараттарды есте сақтау тәсілдеріне қатысты пікірлері, И.В. Коротаеваның жоғары сынып оқушылары мен студенттерге мәтінді жүйелеу әдісімен үйретудің тиімділігі жайлы ойлары негізге алынды.

Отандық ғалымдардан Қ. Қадашқызы және тағы басқа зерттеушілердің қазақ тілін үйрету үшін жазылған «Ассоциативтік өріс және ортақ сөздер оқу сөздігі» еңбегіндегі тіл үйренушінің когнитивтік танымын кеңейтіп, сөздік қорын дамытатын, сөз тіркесі мен сөйлем құрылысын меңгертуге жұмсалатын ассоциативтік қолданыстары мысал ретінде алынды.

Сондай-ақ А.Ж. Раушанованың адамның жадысын жаттықтырудың білім сапасына әсері туралы зерттеуіндегі құнды пікірлері қарастырылды.

Алынған ғылыми-теориялық ақпараттарды өңдеу және мнемоникалық әдістердің тиімділігін дәлелдеу үшін салыстыру, сипаттау, талдау, бинарлы және өрнек ұсыну әдістері қолданылды. Мнемоникалық әдістердің ерекшеліктерін дәлелдеу мақсатында индукция мен дедукция, қорытындылау әдістері басшылыққа алынды.

Талдау және нәтижелер

Қазақ тілін үйрету тіл үйретушінің үлкен тәжірибесін, кәсіби шеберлігін талап етеді. Әсіресе сабақ барысында көп әдістердің ішінен аудиторияны қанағаттандыратын, жалықтырмайтын, тиімділерін таңдап оқыта алу, нәтиже шығару, қызықтыра алу шеберлігінің жоғарылығын қажет етеді. Бұл ретте тіл үйретушінің өзінде бір немесе екі шет тілін меңгеру тәжірибесінің болғандығы дұрыс. Бұл тіл үйренушінің лексиканы есте сақтау, сөйлеу, жазу, тыңдау, дұрыс екпінмен оқу, дауыс интонациясымен жұмыс істеу және тағы басқа коммуникативтік дағды, білік қалыптастыратын әрекеттерін психологиялық тұрғыдан жақсы түсінуіне жол ашады.

Тілді үйрену барысында сөзді қабылдау және меңгеру үдерісі түрлі деңгейлерде жүзеге асады. Сөзді үстірт қабылдау деңгейінде тілдік бірліктің құрылымы, оның дыбысталуы, сыртқы формасы өңделеді де, сөзді терең қабылдау деңгейінде бірліктің мағынасын түсіну жүзеге асады. Сөзді тану – автоматты түрде және жылдам жүзеге асатын үдеріс [1].

Оқытушы тіл үйренушілердің сөздерді, сөйлем құрылысын, басқа тілдегі ақпаратты оқи алу, түсіне алу қабілеттерінің әртүрлі болатынын білген және ескерген жөн. Мәселен, есте сақтау қабілеті жақсы болса, жазу немесе оқу қабілеті төмендеу болуы мүмкін. Көп жағдайда есте сақтаған жаңа лексикаларды тез ұмытып қалып жататын тіл үйренушілер болады. Оқу материалын тіл үйренушінің есінде жақсы сақтату үшін мнемоникалық әдістердің түрлерін алмастырып қолданған тиімді.

Мнемоника (гр. *mne*-жады) – ақпаратты есте сақтауды жеңілдететін арнайы әдістер жүйесі. Сондай-ақ мнемоникалық әдістер жадыны дамытудың тәсілдері және есте сақталатын ақпаратты өңдеу тәсілдерінің жүйесін құру дегенді білдіреді. Мнемоникалық әдіс дидактика саласында әлі күнге дейін толыққанды зерттелмеген. Мнемоника немесе мнемотехникалық әдістер психология және логика ғылымында қолданылады.

Ақпаратты есте сақтауды жеңілдететін тәсілдердің бірнеше түрлері бар. Олар: ассоциация, аналогия, топтау, жіктеу, есте қалатын материалды аяқтау, тірек бөліктері,

мнемоникалық жоспар құру, сызба жасау (схематизация), құрылымдау (структурирование), жүйелеу; қайта кодтау.

Мнемоникалық әдістердің ішінде ең жиі қолданылатыны – *ассоциация әдісі*. Ассоциация әдісі – белгілі бір мәліметті (бұл жерде таңба да, сөз де, сөйлем де, цифр да болуы мүмкін) тиімді есте сақтату әдістерінің бірі. Мәселен, цифрсыз математиканы елестете алмасақ, есте сақтау техникасын бұл әдіссіз елестете алмаймыз. Бұл әдіс – адамның есте сақтау қабілетін дамытуға арналған ең негізгі әдістердің бірі. Ассоциациялауды кең мағынасында бір нәрсені бір затпен байланыстыру деп, яғни екі немесе бірнеше құбылыстарды (таңба, сөз, зат, идея, сезім) өзара байланыстыру нәтижесінде негізгі құбылысты еске түсіру деп түсінеміз.

Тілді үйрету сабағында фонетикалық немесе дыбыстық ассоциация әдісі көмегімен ана тіліндегі дыбыстары ұқсас сөздерді қолдана отырып, қазақ сөздерін жақсы есте сақтатуға болады. Бұл әдістің артықшылығы бейнелі ойлауды дамытады, сабақтарды түрлендіріп, рефлексивті білім алуға ынталандырады.

Тіл үйренушіде өз ана тіліндегі сөздер мен шеттілдік сөздер арасында автоматты байланыстар орнатылады, тіл сабағында сөйлеу қарым-қатынасы жанданады. Мәселен: *үстел-стол, шайнек-чайник, боран-буран, қарбыз-арбуз, бүркіт-беркут, бөрене-бревно, беру-брать, бұрау-буравить, қазына-казна, қанжар-кинжал, меже-межа, мені-меня, ошақ-очак, рет-ряд, пішен-пишено, сабалау-сабля, мерт-смерть, тыныш-тишь, тығады-тыкать, түрме-тюрьма, шу-шум, жар-яр, шұлық-чулок, жәшік-ящик, бәтеңке-ботинки, минут-минута, пошта-почта, газет-газета, сот-суд және т.б.*

Қазақ тілінде осындай сөздер көп болғандықтан, тіл үйренушінің (орыс аудиториясы) сөздік қорын жылдам дамыту үшін ұсынуға болады. Бұндай әдіс ағылшын тілін оқыту әдістемесінде де жиі қолданылады. Әдістің тиімділігі, біріншіден, екі тілдегі дыбысталуы ұқсас сөздер тез есте сақталады, екіншіден, сөздер тіл үйренушінің есінде тұрақтылық сипатқа ие болады, үшіншіден, еске түсірген жағдайда ойға тез келеді. Себебі тіл үйренушінің ана тіліндегі сөздердің дыбысталуымен бірдей болып келеді.

Стенфорд университетінің профессоры Р. Аткинсон тілді үйрету сабағында ассоциациялардың қолданылуын зерттеген, ол «*Keyword method*», яғни «кілт сөз әдісі» арқылы жаңа сөздерді есте сақтауды ұсынған. Ғалым қолданылған осы әдістің жаңа сөздерді жаттауда тиімділігі жоғары болатынын дәлелдеген. Ол ассоциация әдісін іштей екі тәсілге бөлген: фонетикалық ассоциация және жетекші (наводящий) ассоциация [2].

Фонетикалық ассоциация әдісі қай кезде тиімді:

- есте сақталатын сөз санының қатаң мөлшері болуы тиіс, сөз көп берілген жағдайда жатталған сөздер толық ұмытылуы мүмкін;

- ғалымның пікірінше, адам есінде 2-ден 26-ға дейін сөздерді қабылдай алады;

- есте сақталатын сөз бірлігі мүмкіндігінше сөздер блогынан не сөз тіркесінен тұруы қажет;

- лексиканы меңгергеннен кейін үзіліс болуы керек, мидың демалғаны дұрыс.

Бұл әдіс логикалық және ассоциативті байланыс орнату қабілеті төмен тіл үйренушілер үшін қолайсыз болуы мүмкін. Өйткені кейбір тіл үйренушілер сөздерді аудармасымен шатастырады. Бұл әдісті қысқа мерзім ішінде көп лексиканы меңгерту қажет болған жағдайда қолданған дұрыс. Сондай-ақ сабақта бұл әдісті басқа да әдістермен ауыстырып отыру тиімді.

Аудиториядағы тіл үйренушілердің ойлау қабілеті, сөздерді есте сақтау қабілеті, білімін коммуникацияда қолдана алу қабілеті әртүрлі болуы мүмкін. Сондықтан қабілеті жоғары тіл үйренушілер үшін жалғыз лексиканы ғана емес, лексиканың ассоциативтік өрісін жасау немесе ассоциативтік оқу сөздіктерін қолдану арқылы үйреткен дұрыс.

Осы орайда айта кететін бір жайт, ассоциативтік өріс мәселесі қазақ тіл білімінде когнитивті зерттеулер аясында кеңінен айтылғанымен, сондай-ақ түрлі сала зерттеушілерінің ғылыми мақалалары нысанына алынғанымен, ассоциативтік өріс сөздігін жасау тәжірибесі Қазақстанда әлі қолға алынбай келе жатыр.

Жалпы ассоциативтік сөздіктегі мәліметтер сөздердің семантикалық құрылымын нақтылау, ұлттық сана элементтерін, ұлттық бағалау мен артықшылықтарды талдау, қоғам санасының дамуын, сөйлеушінің тілдік қабілетінің әртүрлі деңгейлерін зерттеу және т.б. үшін қажет.

Орыс тілінің әдістеме ғылымында ассоциативтік әдісті шет тілін үйрету үшін инновациялық әдіс ретінде кеңінен қолданады.

Орыс тіл білімінде бұл бағыт өте жақсы дамыған. Мәселен, В.Е. Гольдиннің зерттеулерінде ассоциативтік сөздіктің бірнеше түрі ұсынылады: 1) ассоциативтік-вербалды жүйелерді толық бейнелеу деңгейіне қарай тезаурустық және жекелеген сөздіктер; 2) респонденттерді іріктеу түрі бойынша жеке әлеуметтік-мәдени қауымдастықтар сөздіктері және кешенді сөздіктер; 3) тілді таңдау қағидатына қарай біртүрлі сөздіктер және салыстырмалы сөздіктер; 4) ассоциацияларды іріктеу түріне қарай жалпы сөздіктер және аспектілік сөздіктер; 5) сөздікке ену түріне қарай тура түсіндірмесі бар сөздіктер және тура немесе керісінше түсіндірмесі бар сөздіктер 6) респонденттерді іріктеу қағидатына қарай көпшілік сөздіктер және жеке тұлғалар сөздіктері [3].

Қазақ тілі әдістемесінде 2022 жылы ғалым Қ.Қадашқызының жетекшілігімен «Ассоциативтік өріс және ортақ сөздер оқу сөздігі» жазылды. Аталған сөздік тілді меңгерудің А1, А2 деңгейлеріне арналған. Мәселен, «Бала» сөзін алатын болсақ, аталған сөздікте осы лексиканың өрісі төмендегідей берілген:

1. *Ата-ананың перзенті, ұрпағы*; 2. *Сәби, нәресте, бөбек, бөпе*; 3. *Балапан, ботам, ботақаным, құлыным (жан-жауарлардың күшігі, құстардың балапаны)*; 4. *Балалы-шағалы, сүйкімді, ерке, еркелету, үлгілі*; 5. Сөйлемдегі қолданысы: Мына кішкентай *бөбек* қандай *сүйкімді* бала еді?! Бала кезімде мен *ерке* болдым. *Ұрпағың, перзентің үлгілі болып өссін!* – деп, бата берді. Тарғын болса ер жетті. Үйленді. *Балалы-шағалы* болды [4, 16-б.]. Өрісте ұсынылған *сөз, сөз тіркесі, сөйлем* қазақ ұлтының дүниетанымынан, сөйлеу мәдениетінен хабар беретін тілдік қолданыстар және тіл үйренушілердің сөздік қорын, тілдерін дамытады, қазақ тілінің сөйлем құрылысын меңгертуге мүмкіндік береді, оқу дағдысын жетілдіреді, когнитивтік танымын кеңейтеді.

Тіл үйренуші ассоциативтік өрістерді меңгеру арқылы қазақ тілінде сөйлеу аясын кеңейтеді, сонымен қатар кең мағынада мәдениеттанымдық білімдер алады. Мәселен, «Сусын» сөзінің ассоциациясы – шөлді қандыратын сұйық тағам. Әжелеріміз ақты, яғни сүт тағамдарын «сусын» және «тоқ» тамақ деп екіге бөлетін еді. Соның ішінде көже мен қымызды сусынға, айран мен шұбатты тоқ тамаққа жатқызады (С. Ықсанғали «Айран – көже ас екен»). Осы «сусын» ұғымы аясында *су, қымыз, шұбат, көже, шай, шырын* сөздері ұсынылса, әрі қарай «қымыз» сөзі *бие сүті, саба*, ал «шұбат» ұғымы *қымыран* (ашыған түйе сүті), «шай» сөзі *шай демдеу, шай құю, қою шай, жапырақ шай, түйіршік шай, қара шай, көк шай, келіннің шайы* және т.б. ұғымдарды еске түсіреді [4, 52-б.].

Сөзді ассоциациясы арқылы оқыту, біріншіден, тілдік ақпаратты жүйелі түрде меңгеруге, екіншіден, ұлттық мәдениетпен байланыстыра оқытуға жол ашады. Яғни ұсынылған оқу материалдары механикалық түрде тек жаттау үшін ғана ұсынылмайды, олардың мазмұны тіл үйренушіні жалықтырмайтын қызықты (сөздің ассоциативті өрісі кең және тар болуы мүмкін) деңгейде ұсынылады.

Ассоциативті әдісті оқулықтар мен оқу құралдарын құрастыруда басшылыққа алу біраз оқу-әдістемелік, яғни тапсырмаларды түрлендіру мәселелерін де шешеді.

Қазақ тілі сөздерін есте жеңіл сақтатудың келесі бір жолы, ол – *аналогия әдісі*. Аналогия сөзі гр. *analogia*, «ана» *үлгі бойынша* және «logos» *ақыл* дегенді білдіреді [5]. Философиялық терминдер сөздігінде «сәйкестік, ұқсастық» деген ұғымдармен парапар, объектілердің кейбір белгілері бойынша ұқсастығы деген мағынаны білдіреді. Екі немесе бірнеше нәрселердің қайсы бір белгілері мен қасиеттерінің ұқсастығының негізінде ой қорытынды жасайтын ойлау формасы. Бұл – ойлаудың логикалық тәсілі.

Осы әдіс ағылшын тілін үйрету әдістемесінде қолданылады.

Зерттеушілердің пікірінше, fall (құлау) сөзінің орфографиялық көршілері mall (сауда орталығы), ball (доп), call (шақыру) және fell (құлады), full (толық), fail (сәтсіздікке ұшырау) басқа семантикалық бірліктермен ұқсастығы, ол сөзді ұғу үдерісін тездетеді және жеңілдетеді дейді [6].

Қазақ тілінде дыбыстық айырмашылығы бір әріптен тұратын және жиі қолданылатын бір буынды сөздер бар. Тіл үйренушінің лексикалық қорын көбейту үшін осы аналогия әдісі арқылы жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады. Мәселен, *мол – қол – сол – жол – бол (у) – тол (у)* немесе *көл – бөл (у) – сөл – төл – шөл*; *қара – пара – жара – дара*; *қарау – тарау – жарату*; *себу – тебу – кебу*; *сезу – кезу – безу*; *беру – теру – керу – перу (ет.)*; *жүзу – түзу – сүзу*; *жазу – қазу* және т.б.

Бұндай сөздер адам миында тез сақталады да, еске түсірген жағдайда бірден ойға келеді. Аналогия әдісі арқылы сөздерді есте сақтатқан жағдайда деректі ұғымды сөздердің (қол, жол, көл, жүзу және т.б.) суретін, дерексіз ұғымды сөздердің аудармасын ұсынуға болады.

Келесі – *топтау әдісі*. Топтау әдісі – оқу материалын қандай да бір белгілер (ұқсас, жақын, ассоциация, гештальт заңы және т.б.) бойынша топқа бөлу. Кез келген оқу материалын топтарға, бөліктерге бөлуге болады. Мәселен, мәтіннің кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімі болады. Сол сияқты үйренетін лексикаларды да *жеңіл* және *қиын*, *таныс* және *таныс емес*, *төл және шеттілдік сөздер* деп топтастырып үйретуге болады. Бұл әдісті сөздік қорды дамыту мақсатында қолданған тиімді. Топтау әдісі сөздердің есте тез сақталуына ықпал етеді. Мәселен, қазақ тіліндегі бір және екі буынды сөздерді жеңіл сөздер деп есептейміз, ал үш буынды немесе одан да көп буынды сөздер қиын сөздерге жатады. Алдымен, екі не үш әріптен тұратын және жиі қолданыстағы сөздерді үйреткен тиімдірек. Мәселен, есімдіктер: *ол, не, мен, сен, сіз, бұл, кім* және т.б.; қимыл атаулары: *ал, іл, ки, тұр, кел, жүр, бер, бар* және т.б.; зат атаулары: *үй, тұз, су, нан, ине* және т.б.; үстеу сөздер: *аз, көп, тез, жиі* және т.б. Сөздің буыны ұлғайған сайын сөз күрделене береді және оны тіл үйренушіге А1 деңгейінде ұсыну тілді үйренуді қиындатып жібереді.

Сондай-ақ екі тілде де кездесетін (*почта-пошта, стакан-стақан, кровать-кереует, стол-үстел, поезд-пойыз, ящик-жәшік және т.б.*), бірақ қазақ тілінде сәл дыбыстық айырмашылығы бар сөздерді де есте жылдам сақталатын сөздер қатарына жатқызуға болады. Орыстілді үйренушіге бұл сөздердің алғашқы сыңары таныс болғандықтан, ұқсастығы бар сөзді жаттап алу жеңіл болады.

Осы әдіс арқылы тілдегі *төл және шеттілдік* сөздердің мағыналық жақындық белгісін ескере отырып, топтап үйрету тиімді. Қазақ және орыс тілдерінде «конференция» сөзі бірдей қолданылады. Осы сөз арқылы «жиын, дөңгелек үстел, отырыс» сөздерін үйретуге болады. Немесе «педагог» – мұғалім, оқытушы, ұстаз; «президент» – елбасы, көшбасы; «интернет» – әлеуметтік желі, адам, байланыс және т.б. Осы топтау әдісін қолданып, оқулық немесе оқу құралдарының тапсырмаларын құрастыруға болады.

Есте қалатын материалды аяқтау тәсілі – жүйесіз, яғни түрлі тематикалық топтарға қатысты сөздерді жеңіл есте сақтау үшін оларды біріктіретін бір байланыстар, ұғымдар ойлап табу тәсілі. Сондай-ақ тіл үйренушінің есінде қалатындай вербалды түсініктерді қолдану, жағдаяттық белгілер не орын әдісін қолдану деген мағынаны білдіреді. Бұл әдіс ағылшын

тілін үйрету әдістемесінде жиі қолданылады. Оны қазақ тілін үйретуде де сәтті қолдануға болады, өйткені жақсы нәтиже береді. Мәселен, «бару, бақыт, бес, беру, баға, босат, бірігу» немесе «кел, кес, кет, кір, кең, күн, көмір» сөздері қимыл және зат, сан атауларын білдіреді. Осы жүйесіз сөздердің бір ортақ белгісі бар, яғни алғашқы сөздер қатары «б» әрпінен, екінші сөздер қатары «к» әрпінен басталады.

Тіл үйренушіге осы әдіспен жүйесіз сөздерді жүйелеп, бастарын бір ортақ белгілерімен біріктіріп ұсыну, біріншіден, есте сақтау қабілетін жетілдіреді, екіншіден, сөздерді тез есіне түсіруге жәрдемші болады.

Тірек бөліктері әдісі – мәтін мазмұнын есте сақтату мақсатында қолданылады. Кез келген ақпарат мазмұнында есте сақтауға негіз болатын белгілі бір қолданыстар болады. Олар *оқиға мерзімі, ерекше сөз тіркестері, таныс сөздер және таныс емес сөздер, метафоралар, адам есімдері, суреттер, формулалар, сызбалар* және т.б. болуы мүмкін. Мәтін ішіндегі осындай қолданыстарды тауып, тілдік ақпаратты есте сақтату тірек бөліктерін іздеу тәсілі негізінде жүзеге асады. Қазақ тілін үйретуде кісі есімдері металл, тас, гүл, мата, жануарлар және т.б. атауларды есте сақтату үшін тірек бола алады. Бұл әдісті ғалым Қ. Қадашева оқу құралдарына жаттығулар, тапсырмалар беру барысында жиі қолданады. Мәселен: *Алтын, Күмісжан, Теміртас, Алмаз; Гауһар, Маржан; Раушан; Ләйла, Еңлікгүл (эдельвейс) Райхан; Жібек, Барқыт; Марал, Құралай және т.б.*

Қазақ тілі әдістемесінде тілді мәтін арқылы үйрету әдісі бар екені белгілі. Тілдік деңгейлердің (А1, А2, В1, В2) ерекшеліктерін ескере отырып, әр деңгей үшін мәтіндер құрастырылады. Тіл үйренушілер мәтінді оқыған кезде *өздеріне таныс сөздерге* назар аударып, мәтін мазмұнын түсінуге тырысады. Соңынан *таныс емес сөздермен* жұмыс істеу арқылы мәтін мазмұнымен толық танысады. Осындай таныс және таныс емес сөздер мәтін мазмұнын жақсы есте сақтату үшін тірек ретінде қолданылады.

Ескеретін жағдай, мәтінде санмен жазылған оқиға мерзімі, жиі қолданылатын ерекше фразалар, суреттер, сызбалар, адам есімдері болғаны дұрыс. Мәтінді осындай тірек бөліктері бар элементтермен түрлендіріп ұсыну тіл үйренушіні, біріншіден, жалықтырмайды, екіншіден, мәтін мазмұны жақсы есте сақталады.

Келесі – *мнемоникалық жоспар құру әдісі*.

«Мнемоника» сөзі Ушаковтың түсіндірме сөздігінде көп ақпарат пен фактілерді есте сақтауды жеңілдетуге бағытталған ережелер мен әдістердің жиынтығы деп түсіндіріледі [7, 232-б.]. Ғылыми әдебиеттерде тіректер жиынтығы деп те сипатталады.

Мнемоникалық жоспар құру әдісі үлкен бір беттік мәтінді есте сақтау үшін бірнеше тіректерді пайдалануды қажет етеді. Бұл мәтін мазмұнын еске түсіру жоспары сияқты, мәтінді мазмұндаған кезде жетекші рөл атқарып, мәтін мазмұнын еске түсіруге мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы көлемді, мазмұны күрделі мәтіндерді меңгеру тиімді.

Алдымен мәтін азатжолдарға бөлінеді, сосын әрбір азатжолдың мазмұнындағы негізгі ой анықталады. Негізгі ойлар жоспар құруға негіз болады. Мәтін көлемі, сипаты, мақсаты және т.б. белгілеріне байланысты мнемоникалық жоспар әртүрлі болуы мүмкін.

Оқу материалын меңгерту барысында адам жадысына ерекше назар аударту еске сақтау қабілетті дамытады. Әсіресе адамның мүмкіндігін бірнеше есе арттыратын мақсаттарды қоя білу аса маңызды. Негізгі ақпаратқа назар аударту, бастаған тапсырманы соңына дейін аяқтау, қызығушылық, табандылық, ұйымшылдық, тәртіп сақтау сияқты әрекеттер адамның есте сақтау қабілетін жақсартады [8, 79-б.].

Сызба жасау (схематизация) *тәсілі* – есте сақтайтын ақпаратты жалпы және қарапайым түрде қабылдау немесе белгілі бір ақпараттың негізгі белгілерін сызба түрінде сипаттау, бейнелеу үшін қолданылады. Көп жағдайларда материалдың негізгі мазмұнын сызба түрінде көрсету, яғни ақпаратты жалпылама және қарапайым түрде есте сақтауға көмектеседі. Қазақ тілін үйрету әдістемесінде бұл тәсіл грамматиканы, сөз тіркесі, жай және

құрмалас сөйлем құрылымдарын есте сақтату үшін жиі қолданылады. Әсіресе жай сөйлем құрылымындағы сөздердің орын тәртібін немесе сабақтас және салалас құрмалас сөйлемдердің семантикалық түрлерінің жасалуын есте сақтату үшін қолданған дұрыс. Мысалы: «*Зат есім - зат есім + тәуелдік жалғауының III жағы + -нда,- нде*» сызбасы бойынша *Қазақстан астана+сы+нда* сөз тіркесін құрастыру. Сонымен қатар *міндет, жауапкершілік мәнді сөйлемін* құрастыру үшін сызба береміз. Мысалы: *Менің - етістік+у+ТЖ (I) - керек (қажет)*.

Қазақ тілін үйрету әдістемесінің бір кемшілігі – бір сабақта ауқымды оқу материалын ұсыну, яғни лексика мен грамматикалық білімдерді үйіп-төгіп беру. Көлемді және қиын материалды көп беру тіл үйренушінің мотивациясын төмендетеді, өйткені ол тілдік білімді бойына сіңіріп, оларды ұғып, түсініп және миында орнықтырып үлгермейді.

Ал сызба жасау және төменде түсіндірілетін құрылымдау әдістері қазақ тілінің грамматикасын шағындап, яғни жеңілден күрделіге қарай модель деп ұсынуға негізделеді.

Құрылымдау (структурирование) *әдісі* – есте сақталатын ақпараттың ішкі формасын, құрылымын анықтау дегенді білдіреді. Ол жалпы және жеке құрылымдық бірліктер арасындағы байланысты реттеуден тұрады. Нәтижесінде құрылымдары анық белгілі бір тұтастық жасалады [9]. Құрылымдау әдісі есте сақтауды және тілдік бірліктерді меңгертуді жеңілдететін тәсіл болып табылады. Бұл әдіс – грамматиканы меңгерту үшін қолайлы.

Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын, яғни грамматикалық құрылымдық бірліктерін анықтау арқылы сөйлем құрып үйретуде тиімді. Бұған синтаксистік және морфологиялық талдаулар негізінде қол жеткіземіз. Мысалы, «*Мен алтын сағат сатып алдым*» сөйлемі «*мен сатып алдым және алтын сағат*» сөз тіркестерінен жасалған. «*Мен сат+ып ал+ды+м*» сөз тіркесінің құрамы «*...+ып ... +ды+м*» формалық бірліктерден жасалған. Енді осы тіркес құрамындағы формалық бірліктерді есте сақтату үшін дәл осындай құрылыммен сөз тіркестерін ұсынамыз. Мысалы: *сал+ып ал+ды+м, аш+ып ал+ды+м, іш+іп алды+м* және т.б. Екінші «*алтын сағат*» сөз тіркесі сияқты ешбір қосымшасыз орын тәртібі арқылы байланысатын «*жаңа үй, онлайн дүкен, салқын су*» және т.б. құрылымдарды меңгертеміз. Сөйтіп, бір үлгіде, бірдей құрылымдық бірліктерге ие тұтас тілдік қолданыстарды ұсынамыз: 1. *Мен алтын сағат сатып алдым.* 2. *Мен онлайн дүкен ашып алдым.* 3. *Мен салқын су ішіп алдым.* Осындай үлгіде әр тақырыптық мазмұнда тұтас сөйлемдерді меңгерту тіл үйренушінің қазақ тіліндегі сөз тіркесі мен сөйлем құрылысының жасалу жолдарын автоматты түрде айтуға және жазуға дағдыландырады.

Жүйелеу әдісі. Осы жоғарыдағы әдіске қарама-қарсы әдіс, ол – жүйелеу әдісі. Құрылымдау мен жүйелеу әдістері бір-бірімен ұштасып жатады. Жоғарыдағы мысалдарда көрсетіп тұрғанымыздай, сөйлемдердің жасалу жолының ішкі құрылымдық формалық бірліктерге бөлшектенуі, олардың байланысу формалары құрылымдау әдісіне жатса, жүйелеу әдісі реттеуді, модельдеуді талап етеді.

Сөз тіркестері мен сөйлемдердің жасалу үлгілерін құрылымдау және жүйелеу әдісімен үнемі ұсынып отырсақ, тіл үйренушінің білімінде реттілік, жүйелілік орнығады. Сөздерді әртүрлі тәсілдермен байланыстырып үйрету немесе жалғау түрлерін үйретуде таптырмайтын әдіс. Мысалы: *үйдің жаны, гүлдің иісі, бөлменің есігі, алманың дәмі* (матасу); *жаңа үй, жылы киім, суық су, екі дос* (қабысу); *мектепке барды, кітап оқыды, кинодан шықтық, досымен ойнады* (меңгеру); *бүгін келді, көпір арқылы өтті, әдейі келу* (жанасу); *мен жазушымын, біз келдік, ол – ұшқыш* (қиысу).

Осы әдіспен қазақ тіліндегі өнімді сөз тудырушы жұрнақтарды меңгерту де тиімді. Мәселен, -шы, -ші: оқытушы, жазушы, биші, әнші; -қы, -кі: қысқы, жазғы, күзгі, күндізгі; -кер, -гер: талапкер, дәрігер, әдіскер, қаржыгер және тағы басқа жұрнақ түрлері.

Сондай-ақ оқу материалын қайталау және жүйелі түрде орындап отыру – қажетті ақпаратты есте ұзақ мерзімге сақтатудың тиімді жолы [10].

Есте ұзақ мерзімге сақтату әдістерінің біріне *қайта кодтау әдісі* жатады. Бұл әдіс – вербализациялау немесе сөйлеу, ақпаратты бейнелі түрде, сурет түрінде елестету немесе атау. Ақпаратты семантикалық (мағыналық), фонематикалық белгілері негізінде түрлендіру. Қайта кодтау тәсілі бейнелі түрдегі ақпаратты ауызша формаға айналдырып, сөзбен айтып беруге болады немесе керісінше жасау. Кез келген сөзбен айтылған ақпаратты суретпен, бейнелі түрде жеткізуге болады [11].

Қайта кодтау әдісінің екі жағы бар. Біріншісі – суретті, көрген немесе болған оқиғаны сөзбен жазу немесе ауызша баяндау. Екіншісі – жазылған ақпараттың суретін салу. Біріншісі әдістемеді жиі қолданылады, өйткені адамның негізгі әрекетімен байланысты. Көрген оқиғаны, естіген ақпаратымызды біреуге ауызша не жазбаша жеткіземіз. Ал екіншісі біршама қиындау болғандықтан сирек қолданылады. Екіншісін мәтіннің тақырыбын, негізгі идеясын, толық мазмұнын, абзацтарындағы оқиғаларды, негізгі кейіпкерлерін есте сақтату үшін қолдануға болады.

Жіктеу әдісі – зат, құбылыс, ұғымдарды белгілі бір жалпы белгілері негізінде топқа, класқа, түрге бөліп тастау. Басқа сөзбен айтқанда, ақпаратты жіктеу. Ағылшын тілін үйрету әдістемесінде жиі қолданылады. Ағылшын тілінің лексика-грамматикалық оқу материалдары осы әдіспен жиі ұсынылады. Сөздерді «*Жиі қолданылатын 124 етістік*», «*Жиі қолданылатын фразалар*», «*Ағылшын тілінің сан есімдері*», «*Тез сөйлеп үйренуге қажетті зат есімдер*» және тағы басқа осындай айдарлармен көлемді оқу материалдарын жіктеп үйрету тәжірибеге айналған.

Қазақ тілін үйрету әдістемесінде жалпы коммуникативтік тақырыптар жеке, шағын тақырыптарға жіктеледі. Мәселен: отбасы, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, оқу-кәсіби, ойын-сауық, ресми-іскери. «Отбасы» тақырыбын әрі қарай «Ата мен әже тәрбиесі», «Менің отбасым» және т.б. осындай айдарларға жіктеп ұсыну, тіл үйренушінің осы тақырып аясында сөйлеу дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді. Бұл әдіс өте қолайлы, өйткені жалпы тақырыптарды жеке тақырыпшаларға жіктеу арқылы ұсынылған оқу материалы мен лексикалық минимум аясы нақтыланады. Қазіргі таңда жіктеу әдісі оқулық, оқу құралдарын жазуда пайдаланылады.

Қорытынды

Қазақ тілін үйрету – күрделі үдеріс. Оның әдістемесі жүйелілік және жеңілден күрделіге қарай принциптеріне негізделіп құрылғаны аса маңызды.

Мақалада ұсынылған мнемоникалық әдістер сабақтың коммуникативтік-грамматикалық оқу материалдарын тіл үйренушінің есінде дұрыс сақтату білуге мүмкіндік береді. Бұл әдістердің қазақ тілінің лексикалық минимумынан бастап, тілдің грамматикалық жүйесіндегі ерекшеліктерді, яғни қазақ тіліндегі сөз тіркесі мен сөйлем құрылымын, грамматикалық формаларды меңгертудегі тиімділігі жоғары деп санаймыз.

Тілдік орта болмаған жағдайда да тіл үйренушілердің жадында оқу материалын ұзақ мерзімге сақтатуды осы әдістермен жүзеге асыруға болады. Үйренген тілін ұмытпаудың бірден бір жолы – тілді дұрыс үйрету, яғни коммуникативтік-грамматикалық оқу материалын осы әдістер арқылы жүйелі қайталатып отыру. Қазақ тілін үйрету әдістемесінде осындай тиімділігі жоғары әдістерді қолдану сабақтың нәтижесін арттырады. Нәтижелі сабақ – тілді меңгерудің бірден бір жолы, ол мемлекеттік тілдің қолданылу аясының кеңеюіне жол ашады. Қорытындылай келе, мнемоникалық әдістердің ерекшеліктерін төмендегідей саралап көрсетуге болады:

1. Тіл үйренушінің қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығын арттырады.
2. Тіл үйренушінің оқу материалына деген еріксіз зейінін, назарын аудартуға көмектеседі, есте сақтау сияқты психикалық үдерісті дамытады.

3. Лексика-грамматикалық оқу материалын әдістемелік тұрғыдан тиімді ұсынуға негіз болады.

4. Инновациялық техника ретінде тіл үйрету сабақтарында қолдану тіл үйретушінің тәжірибесінің шындалуына жол ашады.

5. Тіл үйренушінің көзімен қабылдаған және естіген ақпаратқа деген қызығушылығы неғұрлым күшті болса, оны қабылдау соғұрлым эмоционалды болады да, оқу материалы адам миында жақсы сақталады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Harley T. The Psychology of Language: From Data to Theory. Chapter 6: Recognize visual words. – London: Routledge, 2013. – P. 152–168.
2. Atkinson R. Mind and Behavior: Introduction to Psychology, 1993. – 256 p.
3. Гольдин В.Е. Языковое сознание. Речевая коммуникация: избранные работы / сост. О.Ю. Крюкова, А.П. Сдобнова. – Саратов: Изд-во Саратовского университета, 2020. – 496 с.
4. Қадашева Қ., Омарова С.Қ., Асанова У.О., Амиржанова А.О. Ассоциативтік өріс және ортақ сөздер оқу сөздігі, А1-А2 деңгейлері (туыс тіл ретінде оқыту): Оқу-әдістемелік кешен. – Түркістан: Тұран, 2022. – 149 б.
5. Егорова Т.В. Словарь иностранных слов русского языка. – М.: Аделант, 2014. – 800 с.
6. Эренберг О. Приёмы запоминания информации. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.toptrening.ru/articles/1052/> (дата обращения 03.07.2017).
7. Ушаков Д.Н. Толковый словарь русского языка. Т. 2. – М.: Государственное издательство иностранных и национальных словарей, 1938. – 526 с.
8. Раушанова А.Ж. Методологические подходы к изучению влияния тренировки рабочей памяти на качество образования обучающихся: дисс. ... док. филос. (PhD). – Алматы, 2015. – 113 с.
9. Коротаяева И.В. Использование приема систематизации текста у старшеклассников и студентов: дис. ... канд. псих. наук. – Москва, 2000. – 180 с.
10. Ибрагимов Р., Калимбетов Б., Хабибуллаев Ж. Болашақ математика мұғалімдерін логикалық тапсырмаларды орындауға даярлау ерекшеліктері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №3 (129). – Б. 239–252.
11. Yap M.J., Balota D.A. Visual word recognition. In *Oxford Handbook of Reading* / Edited by A. Pollatsek, R. Treiman. – New York: Oxford Univ. Press, 2015. – P. 26–43.

REFERENCES

1. Harley T. The Psychology of Language: From Data to Theory. Chapter 6: Recognize visual words. – London: Routledge, 2013. – P. 152–168.
2. Atkinson R. Mind and Behavior: Introduction to Psychology, 1993. – 256 p.
3. Goldin V.E. Iazykovoe soznanie. Rechevaia kommunikacia: izbrannye raboty [Language consciousness. Speech communication: selected works] / sost. O.Iu. Kriukova, A.P. Sdobnova. – Saratov: Izd-vo Saratovskogo universiteta, 2020. – 496 s. [in Russian]
4. Qadasheva Q., Omarova S.Q., Asanova U.O., Amirjanova A.O. Asosiativtik oris jane ortaq sozder oqu sozdigi, A1-A2 dengeileri (tuys til retinde oqytu) [Associative field and common words educational dictionary, levels A1-A2 (teaching as a related language)]: Oqu-adistemelik keshen. – Turkistan: Turan, 2022. – 149 b. [in Kazakh]
5. Egorova T.V. Slovar inostrannyh slov russkogo iazyka [Dictionary of foreign words of the Russian language]. – M.: Adelant, 2014. – 800 s. [in Russian]
6. Erenberg O. Priiomy zapominania informacii [Techniques for memorizing information]. [Electronic resource]. URL: <http://www.toptrening.ru/articles/1052/> (date of access 03.07.2017). [in Russian]
7. Ushakov D.N. Tolkovyi slovar russkogo iazyka [Explanatory dictionary of the Russian language]. T. 2. – M.: Gosudarstvennoe izdatelstvo inostrannyh i nacionalnyh slovarei, 1938. – 526 s. [in Russian]
8. Raushanova A.J. Metodologicheskie podhody k izucheniu vliania trenirovki rabochei pamiati na kachestvo obrazovania obuchaiushihsia [Methodological approaches to studying the impact of working

- memory training on the quality of students' education]: diss. ... dok. filos. (PhD). – Almaty, 2015. – 113 s. [in Kazakh]
9. Korotaeva I.V. Ispolzovanie priema sistematizacii teksta u starsheklassnikov i studentov [Using the method of systematization of text in high school students and students]: dis. ... kand. psih. nauk. – M., 2000. – 180 s. [in Russian]
 10. Ibragimov R., Kalimbetov B., Habibullaev J. Bolashaq matematika mugalimderin logikalyq tapsyrmalardy oryndauga daiarlau erekshelikteri [Features of preparing future mathematics teachers for the implementation of logical tasks] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №3 (129). – B. 239–252. [in Kazakh]
 11. Yap M.J., Balota D.A. Visual word recognition. In Oxford Handbook of Reading / Edited by A. Pollatsek, R. Treiman. – New York: Oxford Univ. Press, 2015. – P. 26–43.